

ОТЗЫВ

зарубежного научного консультанта на диссертационную работу
Қасымжановой Айданы Дөненбайқызы
на тему **«Разработка конструкции и исследование работы подъемника
для погрузки насыпных грузов в контейнеры»**
представленную на соискание степени доктора философии (PhD)
по направлению 8D071 – «Инженерия и инженерное дело»,
образовательной программе 8D07102 –
«Транспорт, транспортная техника и технологии»

Актуальность представленной диссертационной работы определяется необходимостью разработки стационарного подъемника для погрузки насыпных (зерновых) грузов в контейнеры в условиях элеваторов сельскохозяйственных производств. В связи с основными проблемами элеваторов на сегодняшний день – нехватка вагонов-зерновозов в сезон и дефицитом мощностей при экспорте зерновых культур.

В настоящее время по данной научной тематике имеются различные эффективные конструктивные решения по погрузке насыпных грузов в контейнеры для автомобильного транспорта. Анализ в РК и за рубежом показал полное отсутствие конструктивных решений, позволяющих эффективно осуществлять погрузку насыпных (зерновых) грузов в контейнеры на железнодорожном транспорте. Поэтому вопросы в области перевозки железнодорожным транспортом насыпных (зерновых) грузов в контейнерах за счет разработки и применения стационарного подъемника для погрузки требует всестороннего изучения и создания научных основ данного направления.

В связи с этим, задача, решаемая соискателем, является актуальной, а ее решение позволит существенно увеличить контейнеризацию насыпных (зерновых) грузов в сельском хозяйстве.

В диссертации разработана и исследована математическая модель процесса статических и динамических напряжений в конструкции грузозахватной рамы стационарного подъемника при погрузке насыпных (зерновых) грузов в контейнер.

Қасымжанова А.Д. экспериментальным путем подтвердила гипотезу о работоспособности предлагаемой конструкции стационарного подъемника для погрузки зерновых грузов в контейнеры, перевозимые железнодорожными платформами, установила зависимости напряжено-деформированного состояния конструкции грузозахватной рамы, позволяющие определять основные конструктивные параметры стационарного подъемника.

Значимость теоретических и практических результатов диссертации подтверждается результатами сравнения теоретических и экспериментальных данных.


Практическая значимость работы заключается в разработке предложений, рекомендаций и технического задания на проектирование стационарного подъемника для погрузки насыпных (зерновых) грузов в контейнеры, перевозимые железнодорожными платформами.

Проведенное докторантом Қасымжановой А.Д. исследование свидетельствует о том, что автор владеет необходимыми научными методами, обладает достаточно высоким уровнем подготовленности к проведению глубоких научных изысканий.

Считаю, что диссертация Қасымжановой Айданы Дөненбайқызы на тему «Разработка конструкции и исследование работы подъемника для погрузки насыпных грузов в контейнеры» представляет собой актуальное, завершённое научное исследование, имеющее теоретическую и практическую значимость, соответствует требованиям, предъявляемым к диссертациям «Правил присуждения степеней» и рекомендуется к защите на соискание степени доктора философии (PhD) по направлению 8D071 – «Инженерия и инженерное дело», образовательной программе 8D07102 – «Транспорт, транспортная техника и технологии».

Зарубежный научный консультант:

профессор кафедры
«Транспортно-грузовые системы»
Ташкентского государственного
транспортного университета (Узбекистан),
доктор технических наук



Служебный адрес: Узбекистан, г. Ташкент, Мирабадский район, ул. Темирйулчилар, 1.
Телефон: +998 71-299-00-01
E-mail: ilesaliev@mail.ru

8D071 – «Инженерия және инженерлік іс» бағыты,
8D07102 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялар» білім беру
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған

Қасымжанова Айдана Дөненбайқызының
**«Үйілме жүктерді контейнерлерге тиеуге арналған көтергіш
конструкциясын әзірлеу және жұмысын зерттеу»** тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Ұсынылған диссертациялық жұмыстың өзектілігі ауыл шаруашылығы өндірістерінің элеваторлары жағдайында үйілме (астық) жүктерді контейнерлерге тиеуге арналған стационарлық көтергішті әзірлеу қажеттілігімен анықталады. Бүгінгі күнгі элеваторлардың негізгі проблемалары – маусым кезінде астық таситын вагондардың жетіспеушілігі және дәнді дақылдарды экспорттау кезінде қуаттардың тапшылығы.

Бүгінгі таңда осы ғылыми тақырып бойынша автомобиль көлігіне арналған контейнерлерге үйілме жүктерді тиеу бойынша түрлі тиімді конструктивті шешімдер бар. ҚР-да және шетелде жүргізілген талдау темір жол көлігіндегі контейнерлерге үйілме (астық) жүктерді тиеуді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін конструктивті шешімдердің толықтай жоқтығын көрсетті. Сондықтан, тиеуге арналған стационарлық көтергішті әзірлеу есебінен контейнерлердегі үйілме (астық) жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау саласындағы мәселелер жан-жақты зерделеуді және осы бағыттың ғылыми негіздерін құруды талап етеді.

Осыған байланысты ізденуші шешкен міндет өзекті болып табылады және оны шешу ауыл шаруашылығында үйілме (астық) жүктерді контейнерлеуді едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Диссертацияда үйілме (астық) жүктерді контейнерге тиеу кезінде стационарлық көтергіштің жүк қармау рамасының конструкциясындағы статикалық және динамикалық кернеулер процесінің математикалық моделі әзірленді және зерттелді.

Қасымжанова А.Д. астық жүктерін темір жол платформаларымен тасымалданатын контейнерлерге тиеу үшін ұсынылатын стационарлық көтергіш конструкциясының жұмыс қабілеттілігі туралы гипотезаны эксперименттік жолмен растады, стационарлық көтергіштің негізгі конструктивтік параметрлерін анықтауға мүмкіндік беретін жүк қармау рамасы конструкциясының кернеулі-деформацияланған күйіне тәуелділіктерді белгіледі.

Диссертацияның теориялық және практикалық нәтижелерінің маңыздылығы теориялық және эксперименттік деректерді салыстыру нәтижелерімен расталады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы үйілме (астық) жүктерді теміржол платформаларымен тасымалданатын контейнерлерге тиеуге

арналган стационарлық көтергішті жобалауға ұсыныстар, ұсынымдар мен техникалық тапсырмаларды әзірлеу болып табылады.

Докторант А.Д. Қасымжанова жүргізген зерттеу автордың қажетті ғылыми әдістерді меңгергенін, терең ғылыми ізденістер жүргізуге жеткілікті жоғары дайындық деңгейіне ие екендігін көрсетеді.

Қасымжанова Айдана Дөненбайқызының «Үйілме жүктерді контейнерлерге тиеуге арналған көтергіш конструкциясын әзірлеу және жұмысын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы теориялық және практикалық маңызы бар өзекті, аяқталған ғылыми зерттеуді болып табылады, «Дәрежелерді беру қағидалары» диссертацияларына қойылатын талаптарға және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және 8D071 – «Инженерия және инженерлік іс» бағыты, 8D07102 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялар» білім беру бағдарламасы бойынша қорғауға ұсынылады деп санаймын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Ташкент мемлекеттік көлік университеті
«Көлік-жүк жүйелері» кафедрасының
профессоры, техника ғылымдарының докторы

Д.И. Илесалиев

Қызметтік мекенжайы: Өзбекстан, Ташкент қ., Мирабад ауданы, Темирйулчилар көшесі, 1 үй.

Телефон: +998 71-299-00-01

E-mail: ilesaliev@mail.ru

Турсунова Зарина Қалимовна

Первое декабря две тысячи двадцать второго года, я, Габдуллин Арман Нурланович, нотариус нотариального округа Карагандинской области, лицензия №17007787 от 27.04.2017 года, выдана Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи переводчика ТУРСУНОВОЙ ЗАРИНЫ ЕРЛИКОВНЫ. Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за №478

Взыскано: 92 тенге госпошлина, 1532 тенге т.у.

Нотариус:



Прошито и
пронумеровано
на 4 (четыре) листах
Нотариус

